

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ - АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІНІҢ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

**Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысы**

Астана қаласы - 2024 жыл

---

**Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы  
№24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорнын мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелері  
туралы қорытындысы**

Астана қаласы

1 қараша, 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» талаптары (бұдан әрі – *Бағалау өлшемшарттары*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2023 жылғы 9 қарашадағы №417/нқ бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 29 қазан күнгі №430- нқ бұйрығымен ағымдағы жылдың 30 қазан - 1 қараша күндері аралығында Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысы негізінде мемлекеттік қайта аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2024 жылғы 29 қазан күнгі №430-нқ бұйрығымен бекітілген қайта аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

№	Комиссия құрамының Т.А.Ә.	Қызмет атқаратын білім беру ұйымының атауы	Қызметі
1	Адиханов Марат Абдукаримович	Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы.	Бөлім басшысы, комиссия төрағасы
2	Каким Бақитбек	Астана қаласы әкімдігінің «Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК	Оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

3	Ильясова Эльмира Тулеповна	Астана қаласы әкімдігінің «73 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК	Директордың бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары
---	----------------------------------	---	--

Комиссиямен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сайтта жүктелген материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

<b>I. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер</b>
<p><b>Мекеменің толық атауы:</b> Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – мектеп)</p>
<p><b>Білім беру ұйымының орналасқан жері:</b> Индекс 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Пригородный т/к., Арнасай көшесі, 127 БСН:7109400000057</p>
<p><b>Заңды тұлғаның байланыс деректері:</b>          Байланыс телефоны: +7 (7172) 28–6376; E-mail: <a href="mailto:School-24kz@mail.ru">School-24kz@mail.ru</a>;          сайт: <a href="https://24mektep.edu.kz/kz">https://24mektep.edu.kz/kz</a></p>
<p><b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).</b> Мектеп директоры Калиев Серик Сабырбекович, Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын директоры лауазымына 25.01.2021ж. №74-ж/қ бұйрығымен тағайындалған. Ұялы телефоны:87011868588</p>
<p><b>Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).</b> ҚР Әділет Министрлігі Астана қаласының Әділет департаментінен 13.03.2024 жылы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілген. Алғашқы тіркелген күні 20.11.2001 жыл. БСН 011140002192. «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 26.09. 2022 жылғы №139110 бұйрығына 7-қосымшасына сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның жарғысы негізінде білім беру қызметін жүргізеді.</p>
<p><b>Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).</b>          Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің «Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 19.03.2024 жылы № KZ18LAA00036252 лицензиясы, «Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына берілген Мемлекеттік лицензияға қосымша бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру қызмет түрлеріне 19.03.2024 жылы берілген. Алғашқы берілген күні: «15» желтоқсан 2015 жыл.</p>

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

<b>1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары</b>	
1)	<p>білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – <b>ҮОЖ</b>) сәйкестігі</p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b></p> <p>2022-2023 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 86-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-4 сыныптар 1-қосымша, 5-9 сыныптар 6-қосымша, 10-11 сыныптар 85 қосымшасына сәйкес сағаттар бөлінген.</p> <p>2022-2023 оқу жылында оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 86-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-4 сыныптар 2-қосымша, 5-9 сыныптар 7-қосымша, 10-11 сыныптар 87 қосымшасына сәйкес сағаттар бөлінген.</p> <p>2022-2023, 2023 – 2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары үлгілік оқу жоспарының сағат санымен сәйкес. Оқу жұмыс жоспары мен күнделіктегі сабақ кестесі сәйкес.</p> <p>2024– 2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары үлгілік оқу жоспарының сағат санымен сәйкес. Оқу жұмыс жоспары мен күнделіктегі сабақ кестесі сәйкес.</p>

	<p><b>Қорытынды:</b> 2022-2023, 2023-2024, 2024 – 2025 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде құрылған.</p> <p>2022-2023, 2023 – 2024, 2024– 2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары үлгілік оқу жоспарының сағат санымен сәйкес. Оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесі <b>сәйкес.</b></p>
2)	<p><b>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b></p> <p>2022-2023, 2023-2024, 2024–2025 оқу жылында инвариативті және вариативті компонент сабақтары күнделік платформасына толық қойылған.</p> <p>Білім беру ұйымы 2022-2023,2023-2024, 2024 – 2025 оқу жылында «Kundelik.kz» (<a href="https://portal.kundelik.kz">https://portal.kundelik.kz</a>) платформасына электронды сынып журналдарын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарын (КТЖ), құжаттарын электронды түрде толтырған.</p> <p>Мектептің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында kundelik.kz платформасындағы мектеп пән мұғалімдері КТЖ (күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары) қаралды, барлық пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген сағат саны мен оқу міндеттеріне сәйкес тақырыптар, оқу бағдарламасының орындалуы сәйкес.</p>
	<p><b>Қорытынды:</b> «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 ж. 30.04. №130 бұйрығы 1-қосымшасының 1-бөлімі, 1-тармағына; «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ-нің 2022ж. 03.08. №348 бұйрығының 2-қосымшасы 4-тарау 41-тармағына, 3-қосымшасының 2-тарау 11-тармағына <b>сәйкес.</b></p>
3)	<p><b>Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.</b></p> <p><b>Талдау нәтижесі:</b> Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:</p>

	<p>Мектептің <a href="https://24mектеп.edu.kz/ru/samoocenka-shkoly-68329">https://24mектеп.edu.kz/ru/samoocenka-shkoly-68329</a> интернет ресурсына тәрбие жұмысы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарға арналған тәрбие жоспары берілген. Айлық, апталық жоспарлары ұсынылған. 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспарын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын " басшылыққа алған. Тәрбие жоспарын жасақтауда нормативті құжаттарды негізге алғаны көрсетілген.</p> <p>Мектептің сайтында тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың есебі көрсетілген. Тәрбие жұмысы ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жүргізілген.</p> <p>2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдары бойынша қыз балалармен жүргізілетін жұмыс, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықбұзушылық зорлық-зомбылыққа арналған жоспарлары берілген. Мектептің өзін-өзі бағалауында тәрбие жұмысының әр басым бағыттарына сәйкес білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған түрлі іс-шаралар іске асырылғандығы туралы дәлелдемелер ұсынылған.</p> <p>2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының есебі мектеп сайтында жүктелген. Атқарылған жұмыстардың қорытындысы мен жеткен жетістіктер толық көрсетілген.</p> <p>2023-2024 оқу жылдарында атқарылған жұмыстар ұсынылған. Жаңа оқу жылына кемшіліктер негізінде нақты ұсыныстар көрсетілген.</p> <p>2024-2025 оқу жылы бойынша тәрбие жоспары ұсынылып, құндылыққа негізделген іс-шаралар жоспары жасақталған.</p> <p><b>Қорытынды:</b> «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарауының 5-тармағына, 3-қосымша 2-тарауының 14,15-тармақтарына, 4-қосымша 2-тарауының 15,16-тармақтарына сәйкес.</p>
4)	<p><b>Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды</b></p>

**қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.**

**Талдау нәтижелері:**

Мектеп сайтында өзін-өзі бағалау бөлімінде тәрбие жұмысының жұмыс жоспары орналастырылған. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасалынған.

2021-2022 оқу жылы бойынша «Жас ұлан», «Жас қыран», «ЮИД», «Юные спасатели», «Шұғыла» жобалары бойынша жұмыс жоспары мен атқарылған жұмыстар есебі ұсынылған.

2022-2023 оқу жылы бойынша «Читающая школа», «Адал ұрпақ», «Парасат» жобалары бойынша жұмыстар жүргізіліп, қорытындысы ұсынылған.

2023-2024 оқу жылы бойынша «ЮИД», «YOUTH» дебат клубы, «Адал ұрпақ» клубының жоспары негізінде жұмыстар ұйымдастырылған.

Барлық іс-шаралардың сілтемелері беріліп, фотолары көрсетілген.

Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 1-тармағы).

Білім алушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру білім алушылардың рухани - адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуын қамтамасыз ету бойынша мектептің сайтында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына арналған ақысыз үйірмелердің жоспарлары мен кестесі, есебі толық берілген. Салыстырмалы кестесі ұсынылған. Үйірмелер бойынша оқушылардың жеткен жетістіктері қоса берілген. Әрбір атқарылған жұмыстарға талдау жүргізіліп отырған. ҰББДҚ бойынша 2024 - 2025 оқу жылы 836 оқушы ақысыз үйірмелерге қатысып отыр.

**Қорытынды:** «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығының 3-қосымша 2-тарауының 16-тармағына, 4-қосымша 2-тарауының 17-тармағына сәйкес.



5)	<p><b>Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b></p> <p><b>2022-2023</b> оқу жылында:</p> <p>Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:</p> <p>Мектептің бағаланатын кезеңге мектептің өзін-өзі бағалау қорытындысында бейінді оқыту бойынша талдау жасалынған.</p> <p>Мектептің сайтында 2022-2023,2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарға арналған оқу жоспары берілген.</p> <p>31 тамыз 2022 жылы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасында 2022 – 2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында қоғамдық – гуманитарлық бағыты таңдалған.</p> <p>Мектептің оқу жұмыс жоспары қоғамдық–гуманитарлық бағытта ұйымдастырылуына байланысты вариативті компонент есебінен төмендегі таңдау курстары алынған:</p> <p>7. «Абайтану» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</p> <p>8. «Жоғары сынып оқушыларына эссе жазуды үйрету» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</p> <p>9. «English speaking countries» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</p> <p>10.«Теория и практика сочинений нетрадиционных жанров»</p> <p>Мектеп компоненті оқушының бейімділігіне, қызығушылығына сәйкес дамытуға бағытталған.</p> <p><b>2023-2024</b> оқу жылында:</p> <p>31 тамыз 2023 жылы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасында 2023 – 2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында қоғамдық – гуманитарлық бағыты таңдалған.</p> <p>Мектептің оқу жұмыс жоспары қоғамдық – гуманитарлық бағытта ұйымдастырылуына байланысты вариативті компонент есебінен төмендегі таңдау курстары алынған:</p> <p>7. «Абайтану» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</p> <p>8. «Жоғары сынып оқушыларына эссе жазуды үйрету» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</p> <p>9. «English speaking countries» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</p> <p>10.«Теория и практика сочинений нетрадиционных жанров»</p> <p>10-11 сыныптарда 1 сағаттан бағыттағы пән мұғалімдеріне апталық жүктеме ретінде берілген.</p> <p><b>2024-2025</b> оқу жылында:</p>
----	--

	<p>29 тамыз 2024 жылы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасында 2024 – 2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында қоғамдық – гуманитарлық бағыты таңдалған.</p> <p>Мектептің оқу жұмыс жоспары қоғамдық – гуманитарлық бағытта ұйымдастырылуына байланысты вариативті компонент есебінен төмендегі таңдау курстары алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Абайтану» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>2. «English speaking countries» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</li> </ol> <p><b>Қорытынды:</b> «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 03.08. №348 бұйрығының 4 қосымша, 2 тарау, 13 тармақшасына <b>сәйкес.</b></p>
6)	<p><b>Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b> Осы өлшемшарттар бойынша ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:</p> <p>Мектептің тарапынан өзін-өзі бағалау есебінде және мектеп сайтында «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы (28.06.2024 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) №6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар туралы мәлімет, ПБҚҚ қызметінің ережесі, жылдық жоспары және ПБҚҚ құру туралы бұйрығы ұсынылған.</p> <p>Мектеп сайтында 2024-2025 оқу жылына оқушылардың ПМПК ұсыныстары бар тізімдері берілген, ПМПК қорытындылары ұсынылған. Оқушыға арналған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке-дара бағдарламасы мен ПБҚҚ хаттамалары ұсынылған.</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар саны:</p> <p>2022-2023 оқу жылында 2 оқушы (ЕББҚ),  2023-2024 оқу жылдында 12 оқушы (ЕББҚ),  2024-2025 оқу жылында 6 оқушы (ЕББҚ).</p> <p>Мектептің сайтына үйден оқытылатын оқушылардың ДКК анықтамалары, оқу жоспары мен сабақ кестелері толық салынған, үйде оқытылатын оқушылардың тізімдері мен бұйрықтары ұсынылған, сонымен қатар, ҰББДҚ базасында Толеш Асанда үйден оқыту деген белгі қойылған,</p>

Құдайберген Мырзахан мен Абдықадыр Батырда үйден оқыту бұйрығының былтырғы оқу жылының нөмірі мен жылы өзгертіліп, түзетілген. «kundelik.kz» автоматтандырылған жүйесі бойынша үйден оқытылатын оқушылар үшін бөлек топ (журнал) құрылған, оқушы жалпы сынып журналынан бөлек тұр. Үйден оқыту оқушының оқу жоспарындағы сағат саны Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500, 2024 жылғы 8 ақпандағы №27, 2024 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрықтардың №55 қосымша бойынша бекітілген. Мектептің оқу жоспары бойынша жалпы сыныптың оқу сағат саны үйден оқыту сағат санымен айырмашылығы болады, сондықтан, осы сыныпта екі журнал болуы тиіс, қорыта келгенде, «kundelik.kz» автоматтандырылған жүйесінде үйде оқыту бойынша журнал және сабақ кестесі дұрыс толтырылған. 11 сынып Толеш Асланға үй тапсырмалары кейбір пәндерден (ағылшын тілі, алгебра) жүйелі түрде берілмеген.

Үйден тегін оқыту бойынша оқушылар саны:

2022-2023 оқу жылында 4 оқушы,

2023-2024 оқу жылында 7 оқушы,

2024-2025 оқу жылында 5 оқушы.

Үлгілік оқу жоспары 2022-2023 оқу жылында үйде оқыту Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықтарына, 2023-2024 оқу жылында үйде оқыту Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықтарына, 2024-2025 оқу жылында үйде оқыту Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500, 2024 жылғы 8 ақпандағы №27, 2024 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрықтарына сәйкес, жұмыс оқу жоспарлары, ата-аналардың келісуімен сабақ кестесі жасалынып, пән мұғалімдері бекітілген.

Жалпы мектеп бойынша 2024-2025 оқу жылына өзін-өзі бағалауы бойынша 3 педагог-ассистент жұмыс жасауда, өзін-өзі бағалау есебінің мәліметіне сүйенсек, кестеге жазылған ПМПК қорытындысында тек екі оқушыға педагог-ассистент ұсынылған.

Мектептің өзін-өзі есебі бойынша кедергісіз оқыту бойынша мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін толық жағдай жасалынған, мектепте пандустар, тұтқалар, кеңейтілген есік ойықтары, тактильді рельефті жолақтар, қоңырау тетігі, радиорубка, Брайль шрифті қолданатын пластикалық белгілер, оқушыларғы арналған лифт, инвалид-

	<p>оқушыларға арналған санитарлық бөлме бар. Мектеп сайтында осы мәліметтер ұсынылған.</p> <p><b>Қорытынды:</b> «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы (28.06.2024 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) №6 бұйрығының талаптарына сәйкес.</p>
7)	<p><b>Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b></p> <p><b>2022-2023</b> оқу жылында: 31 тамыз 2022 жылы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасында 2022 – 2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында 12 тамыз 2022 жылдың №365 бұйрық негізінде 1 – 11 (қазақ, орыс) сыныптарына типтік оқу жоспарының толық түрі алынып, вариативтік курстар бекітілген.</p> <p>1-4 қазақ сыныптарында вариативтік компонент арқылы жүргізілген:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Логикалық математика және ой дамыту» 1-4 сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>2.«Асық ату» 1 сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>3.«Тоғызқұмалақ» 2,3 – сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>4.«Домбыра» 3-сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>5. «Қазақ әндері 4 сыныптарда 1 сағаттан</li> </ol> <p>5-9 қазақ, орыс сыныптарда вариативтік компонент есебінен жүзеге асырылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>6. «Жаһандық құзіреттілік» курсы:       <ol style="list-style-type: none"> <li>1. 5-8 сыныптарда 0,5 сағат;</li> <li>2. 9 сыныптарда 1 сағат.</li> </ol> </li> </ol> <p>Мектептің оқу жұмыс жоспары қоғамдық – гуманитарлық бағытта ұйымдастырылуына байланысты вариативті компонент есебінен төмендегі таңдау курстары алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>7. «<i>Абайтану</i>» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>8. «<i>Жоғары сынып оқушыларына эссе жазуды үйрету</i>»10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>9. «<i>English speaking countries</i>» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>10.«<i>Теория и практика сочинений нетрадиционных жанров</i>» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;</li> <li>10-11 қазақ, орыс сыныптарында вариативтік компонент «<i>Жаһандық құзыреттілік</i>» 1 сағаттан енгізілген.</li> </ol>

**2023-2024** оқу жылында

31 тамыз 2023 жылы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасында 2023 – 2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында 12 тамыз 2022 жылдың №365, 18 тамыз 2023 жылдың №264, 30 қыркүйек 2022 жылдың №412 бұйрық негізінде 1 – 11 (қазақ, орыс) сыныптарына толық оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспары алынған. Жоспарға сәйкес вариативтік курстар бекітілген.

1-4 қазақ сыныптарында вариативтік компонент арқылы жүргізілген:

- 1.«Асық ату» 2- сыныптарда 1 сағаттан;
- 2.«Тоғызқұмалақ» 4 – сыныптарда 1 сағаттан;
- 3.«Домбыра» қазақ, орыс тілінде оқылатын 2-сыныптарда 1 сағаттан;
4. «Қазақ әндері 2- сыныптарда 1 сағаттан
5. «Математика пәнінен қосымша тапсырмалар жинағы» 1-сыныптарда 1 сағаттан;
6. «Қызықты математика» 2- сыныптарда 1 сағаттан;
7. «Қызықты қазақ тілі» 2 – сыныптарда 1 сағаттан;
8. «Экология және біз» 3-сыныптарда 1 сағаттан;
9. «Зерттеу негіздер» 4-сыныптарда 1 сағаттан

5-9 қазақ, орыс сыныптарда вариативтік компонент есебінен жүзеге асырылды:

6. «Жаһандық құзіреттілік» курсы:

1. 5-8 сыныптарда 0,5 сағат;
2. 9-11 сыныптарда 1 сағат.

Мектептің оқу жұмыс жоспары қоғамдық – гуманитарлық бағытта ұйымдастырылуына байланысты вариативті компонент есебінен төмендегі таңдау курстары алынған:

1. «*Абайману*» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;
2. «*English speaking countries*» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;

**2024-2025** оқу жылында:

29 тамыз 2024 жылы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасында 2024 – 2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында 8 ақпан 2024 жылдың №27, 8 қараша 2012 жылдың №500 бұйрықтары негізінде 1 – 11 (қазақ, орыс) сыныптарына толық оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспары алынған. Жоспарға сәйкес вариативтік курстар бекітілген.

1-4 қазақ сыныптарында вариативтік компонент арқылы жүргізілген:

- 1.«Асық ату» 2- сыныптарда 1 сағаттан;
- 2.«Тоғызқұмалақ» 4 – сыныптарда 1 сағаттан;
- 3.«Домбыра» қазақ, орыс тілінде оқылатын 2-сыныптарда 1 сағаттан;
4. «Қазақ әндері 2- сыныптарда 1 сағаттан

	<p>5. «Математика пәнінен қосымша тапсырмалар жинағы» 1-сыныптарда 1 сағаттан;          6. «Қызықты математика» 2- сыныптарда 1 сағаттан;          7. «Қызықты қазақ тілі» 2 – сыныптарда 1 сағаттан;          8. «Экология және біз» 3-сыныптарда 1 сағаттан;          9. «Зерттеу негіздер» 4-сыныптарда 1 сағаттан          5-9 қазақ, орыс сыныптарда вариативтік компонент есебінен жүзеге асырылды:          6. «Жаһандық құзіреттілік» курсы:          1. 5-8 сыныптарда 0,5 сағат;          2. 9-11 сыныптарда 1 сағат.</p> <p>Мектептің оқу жұмыс жоспары қоғамдық – гуманитарлық бағытта ұйымдастырылуына байланысты вариативті компонент есебінен төмендегі таңдау курстары алынған:          1. «<i>Абайтану</i>» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;          2. «<i>English speaking countries</i>» 10-11 сыныптарда 1 сағаттан;          2022-2023,2023-2024 оқу жылының вариативті компонент сабақтарының бекітілген сабақ кестесі мектеп сайтында ұсынылған.</p> <p><b>Қорытынды:</b> «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2012 ж. 08.11. № 500 бұйрығының 1, 2, 5, 6, 7, 53, 55, 59, 60, 85, 87 қосымшаларына <b>сәйкес.</b></p>
8)	<p><b>"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы</b>н игеру  <b>Талдау нәтижелері:</b>          «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны:          2022-2023, 2023-2024. 2024-2025 оқу жылдарында 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында: 1-3-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнын «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан жүзеге асырылған. 4-сыныпта «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнын «Дүниетану» оқу пәнінің 5-9 - сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында:          5-9- сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінің шеңберінде 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен жүзеге асырылған. 2022-2023 оқу жылының күнтізбелік-тақырыптық жоспарына енгізілген;          10 – 11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады. 10-11 сыныптардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы көрсетілген.</p>

	Қатемен жұмыс жүргізілген, қателер түзетілген.
	<b>Қорытынды:</b> ҚР ОАМ-нің 03.08.2022ж. №348 бұйрығына 2 қосымшасына сәйкес; 3-қосымшаның 56-тармағына, 4-қосымшаның 50-тармағына сәйкес .
9)	<p><b>«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру</b>  <b>Талдау нәтижелері:</b>  2022-2022, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 3-қосымшасы 2-тарау 38-тармақшасы негізінде 5-8 сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде болуы тиіс.</p> <p>2022-2023 оқу жылында мектептің «күнделік.кз» автоматтандырылған жүйесінде электронды сынып журналдарында сынып сағаттарына арнайы бет арналған.</p> <p>2023-2024 оқу жылында 5-8-сыныптарды сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде, сынып сағаттары тақырыптары стандартқа сай енгізілген, 5 «ж,и», 5 «а» сыныптарында ЖЖЕ 10 сағат, ал қалған 5,6,7,8-сыныптарда ЖЖЕ толық қамтылған. Сонымен қатар, 5 «з», 6 «з» сыныптарында 1-қыркүйектен бастап 5 сәуірге дейін тақырыптар қазақ тілінде жазылып, 5 сәуірден кейін орыс тілінде жазылған болатын, түзету жұмыстары жүргізілген.</p> <p>2024-2025 оқу жылында 5 «а,ә,б,в,г,д,е» сыныптарында сынып сағаты тақырыптары толтырылған, 6-сыныптарда тақырыптар мен қатар ЖЖЕ енгізілген.</p> <p>Қатемен жұмыс жүргізілген, қателер түзетілген.  ЖЖЕ бойынша мемлекеттік стандарт орындалған.</p>
	<b>Қорытынды:</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 22.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 2-қосымшасының 26-тармағы, 3-қосымшаның 38-тармағы талаптарына сәйкес .
10)	<b>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта,</b>

жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Талдау нәтижелері:

**1) Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткен кәсіптік білімі бар педагогтердің болуы.**

Мектеп сайтына жүктелген ақпараттар негізінде: 2022-2023 оқу жылында 121 мұғалім,

2023-2024 оқу жылы бойынша барлығы 120 педагог жұмыс жасаған.

2024-2025 оқу жылы бойынша 129 педагог қызмет атқарады.

Қосалқы қызметкерлер 2022-2023 оқу жылында , 2023-2024 оқу жылында - 4, 2024-2025 оқу жылында -4 мұғалім жұмыс жасаған. Барлық педагогтің бейіні бойынша педагогикалық білімі сәйкес.

Равшанова Загира Абдыманановна - орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 1990-1995ж. Өзбекстан Республикасы, Республикалық институтын бітірген. Дипломы бар, 08.02.2013ж. №32627 Болондық процесс талаптарына сәйкес нострификациясы ұсынылған.

**Қорытынды: Біліктілік талаптардың 16-тармағына сәйкес.**

**2) Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтердің үлесі кемінде 90% құрауы.**

Мектеп сайтына жүктелген ақпараттар негізінде: 2022-2023 оқу жылында 121 мұғалім,

2023-2024 оқу жылы бойынша барлығы 120 педагог жұмыс жасаған.

2024-2025 оқу жылы бойынша 129 педагог қызмет атқарады. Қосалқы педагог 2. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтердің үлесі кемінде 98,4% құрайды.

**Қорытынды: Біліктілік талаптардың 16-тармағына сәйкес.**

**3) Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі:** Мектептің сайтында, Ұлттық білім беру деректер базасынан алынған мәлімет бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беретін дефектолог, әлеуметтік педагог, логопед, педагог-психолог, тәлімгерді қоспағанда сабақ береді деп есептелінген педагогтердің саны - 113.

Мектептің сайтына орналастырылған бекітілген тарификация мен штаттық кесте 2021,2022,2023 жылдарға көрсетілген. 2024-2025 оқу жылының сапалық құрамы, тарификация мен штаттық кестесі ұсынылған.



Мектеп сайтына жүктелген ақпараттар негізінде: 2022-2023 оқу жылында 121 мұғалім (педагог-шебер -9, педагог- зерттеуші -17, педагог – сарапшы -22, педагог –модератор -37, жоғары санат – 4, I санат -1, II санат - 2, санатсыз -29 мұғалім қызмет атқарып, 43,8 %,

2023-2024 оқу жылы бойынша барлығы 120 педагог жұмыс жасаған. Оның педагог- шебер - 9, педагог-зерттеуші – 19, педагог- сарапшы -19, педагог – модератор - 42, жоғары санат -1, 40% .

2024-2025 оқу жылы бойынша 129 педагогтың педагог – шебері-8, педагог-зерттеушісі-22, педагог-сарапшы-19, педагог-модератор-60, жоғары санат -1, 38,7% құрайды.

Қосалқы қызметкерлер 2022-2023 оқу жылында , 2023-2024 оқу жылында - 4, 2024-2025 оқу жылында -4 мұғалім жұмыс жасаған.

Бастауыш сыныптар бойынша мектеп сайтында жүктелеген сапалық құрам мен ҰББДҚ –да анықталғаны - 32 педагог. Педагог-сарапшылар-5, педагог-зерттеушілер-6, педагог-шеберлердің саны -4, бұл бастауыш білім беру деңгейіндегі сабақ беретін педагогтердің жалпы санынан үлесі 46,8% құрайды.

**Қорытынды:** Біліктілік талаптардың 16-тармағына сәйкес.

*4) № 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы*

Мектеп сайты: <https://24mектеп.edu.kz/ru/samoocenka-shkoly-68329> төмендегі тізімдегі мәліметтер (6 бөлім) ұсынылған, мәліметтер өзін-өзі бағалау есебінде де берілген.

Кітапхана жалпы көлемі 60 шаршы метр, кітаптарды сақтау бөлмесі. 43 ш.м. Оқу залы кітаптік және көрме стеллаждарымен, үстелдермен, 24 орындықпен қамтылған. Кітапханашының орнында 1 компьютер және көпфункционалды құралмен қамтылған.

Кітапханашы: Исакова Шамшия Халедовна, еңбек өтілі 25 жыл. Өзін-өзі бағалау есебіндегі мәліметтерге сүйенсек, кітапханада жалпы кітап қоры 52039 дана, оның ішінде оқулықтар 44182 дана, әдеби оқулықтар 7857, электронды оқулықтар 422 дана.

**Қорытынды:** Біліктілік талаптардың 16-1-тармағына сәйкес

**5) Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. медициналық қызметке лицензияның немесе № 141 бұйрыққа сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.**

Медициналық қызметке арналған лицензиясы бар.

□ Медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензияның қосымшасы 18.03.2019 жылы № 19006712. Мемлекеттік лицензияның қосымшасына сәйкес № 24 мектеп арасындағы "Шипагер "Жанұялық денсаулық орталығы" ЖШС ынтымақтастық туралы шарт бойынша мектеп оқушыларына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі. 03.01.2024ж. "Шипагер "Жанұялық денсаулық орталығы" ЖШС ынтымақтастық туралы келісім шарт жасалған.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша филиалының жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы заңды тұлғаны қайта тіркеу №19393-1901-ИАО-МК 2024.13.03 жүргізілген.

**Қорытынды:** Біліктілік талаптардың 17-тармағына сәйкес

**б) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы:**

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен 09.12.2014 жылы № 09/2787 «балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» қағидасына сай деген қорытынды берілген.

Асхана 1-4 сынып оқушылары үшін тегін тамақтануды жүзеге асырады. 2024-2025 оқу жылында 1138 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі (100% қамтылған), оның ішінде 1-4 сынып оқушылары - 1013, 5-11 сынып аралығындағы әлеуметтік осал топқа жататын оқушы саны – 125. Ыстық тамақты ұйымдастыруға арналған шарт "Индивидуальный предприниматель Дауров Харби Ихирович " жеке кәсіпкері. Кәсіпкер асхананы тиісті біліктілігі бар кадрлармен, оқушыларға ыстық түскі ас пен шай дайындау үшін азық-түлік тауарларымен үздіксіз қамтамасыз етумен қамтамасыз етеді. Оқушыларды тамақтандыру кәсіпкермен келісілген және директор бекіткен мәзірге сәйкес жүргізіледі. Мектептің <http://https://24mektep.edu.kz/kz/> сайтында салынған құжаттарда асханаға берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы ұсынылды, 11-қосымша мектеп директорымен бекітіліп берілген, асханаға келісім шарт көшірмесі берілген.

Мектептің өзін-өзі бағалау қорытындысында асханаға қатысты құжаттар 11- қосымша және білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі берілген.

